

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2021 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелері**

Нұр-Сұлтан, 12 мамыр 2021 жыл – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2021 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

2021 жылғы бірінші тоқсандағы басты өндірістік көрсеткіштер:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2020 жылғы бірінші тоқсандағы 5 929 мың тоннамен салыстырғанда 5 318 мың тоннаны құрады;
- Мұнай және газ тасымалдау көлемі, тиісінше, 18 327 мың тонна мұнай және 22 149 млн текше метр газды құрап, 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 1,0% және 21,8%-ға кеміді;
- Отаңдық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі өзгеріссіз дерлік мөлшерде қалып, 4 662 мың тоннаны құрады.

	2021 ж 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	5 318	5 929	-10,3%
Газ өндіру, млн м ³	2 058	2 260	-8,9%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	18 327	18 517	-1,0%
Газ тасымалдау, млн м ³	22 149	28 320	-21,8%
Мұнай өңдеу, мың тонна	4 662	4 660	-0,04%

2021 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелер

Арнайы өзге мәліметтер көрсетілмесе, өндірістік көрсеткіштер ҚМГ-ның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарындағы үлестеріне, сондай-ақ шоғырландырылған еншілес ұйымдары үшін 100% көрсеткіштерге сәйкес көрсетіліп отыр.

Көмірсутек шикізатын өндіру

2021 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 5 318 мың тоннаны (тәулігіне 438 мың баррель) құрап, 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 10,3%-ға төмендегенін көрсетті. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі 8,9%-ға 2 058 млн текше метрге дейін төмендеді.

Мұнай және конденсат өндіру, мың тонна	2021 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз	1 299	1 397	-7,1%
Маңғыстаумұнайгаз	712	790	-9,9%
Ембімұнайгаз	595	701	-15,2%
Теңіз	1 331	1 535	-13,3%
Қашаған	305	365	-16,6%
Қарашығанақ	279	285	-1,8%
Өзгелер	798	856	-6,8%
Жиыны	5 318	5 929	-10,3%

Теңіз кен орнында мұнай өндіру 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 13,3%-ға азайып, 1 331 мың тоннаны (тәулігіне 117 мың баррель) құрады. Ал, газ өндіру 11,9%-ға төмендеп, 741 млн текше метр болды. Мұнай өндіру деңгейіне ОПЕК+ келісімі аясында мұнайды шектеу бойынша қабылданған міндеттемелер елеулі кері әсер етті.

Қашағанда мұнай өндіру 16,6%-ға 305 мың тоннаға дейін (тәулігіне 27 мың баррель) төмендеді, ал газ өндіру көрсеткіші 15,5%-ға кеміп, 185 млн текше метрді құрап отыр. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өндіру көлемінің азаюы ОПЕК+ келісімі аясында мұнайды шектеу бойынша қабылданған міндеттемелерге байланысты болды.

Қарашығанақта сұйық көмірсутек өндіру 1,8%-ға төмендеп, 279 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың баррель). Газ өндіру 533 млн текше метрді құрап, 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 0,8%-ға қысқарды. Өндіру деңгейінің төмендеуіне Орынбор газ өңдеу зауытына өңдеуге жөнелтілетін газды қабылдау бойынша шектеулер себеп болды. 2021 жылғы 20 наурызда Газ өндіру бойынша өндірістік шектеулерді алу жөніндегі жобаның барлық құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстары ойдағыдай аяқталғаннан кейін, пайдалануға беруге дайындығы туралы актіге қол қойылды. Аталған жоба сұйық көмірсутектерді өндірудің қосымша өсімін қамтамасыз етеді. Жоба өндірістік сынақтар аяқталғаннан кейін 2021 жылғы маусым айында іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Операциялық активтерде мұнай өндіру деңгейі 9,1%-ға 3 403 мың тоннаға дейін (тәулігіне 271 мың баррель) және газ өндіру 9,6%-ға 599 млн текше метрге дейін төмендеді. Мұнай өндіру көлемінің азаюы, негізінен, ОПЕК+ келісімі аясында мұнайды шектеу бойынша қабылданған міндеттемелерге, сонымен қатар байырғы кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи жолмен төмендеуіне байланысты болды.

Мұнай және газ тасымалдау

2021 жылғы бірінші тоқсанда мұнайды магистральмен және теңізбен тасымалдау көрсеткіші 1,0%-ға 18 327 мың тоннаға дейін төмендеді¹.

Мұнай тасымалдау, мың тонна	2021 ж 1-тоқс (100%)	2021 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	%
ҚазТрансОйл	10 238	10 238	10 510	-2,6%
Қазақстан-Қытай Құбыры	4 089	2 045	1 850	10,5%
МұнайТас ²	943	481	284	69,3%
Каспий Құбыр Консорциумы	14 779	3 067	3 514	-12,7%
Қазақтеңізкөлікфлоты	2 496	2 496	2 359	5,8%
Жиыны	-	18 327	18 517	-1,0%

¹ Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдауы мүмкін және сәйкесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.

² Мұнайтас үлестік әдіспен шоғырланатын бірлескен кәсіпорын болып табылады, соған байланысты тасымалдау көлемі 51% иемдену үлесіне сәйкес көрсетілген.

Мұнайды магистралды құбырлармен тасымалдау көлемі 2,0%-ға қысқарып, 15 830 мың тоннаны құрады. Мұнай тапсыру көлемінің төмендеуі жүк жіберушілердің ОПЕК+ келісімі аясында мұнай өндіруді шектеу жөніндегі міндеттемелерді орындауымен байланысты болып отыр. Өз кезегінде жалпы қысқару 2020 жылдың қаңтар айына дейінгі «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-дан мұнай жеткізу деңгейінің қалпына келтіруімен ішінара теңдестірілді. Ол кезде мұнайдағы хлорорганикалық қосылыстардың шектен тыс көп

мөлшерде болуы себебінен мұнай жеткізу қысқарды. Сондай-ақ, Шымкент МӨЗ (ПҚОП) бағытында мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюымен теңдестірілді.

Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырсақ, 2021 жылғы бірінші тоқсанда мұнайды теңізбен тасымалдаудың жалпы көлемі негізінен Қара теңізде тасымалдаудың артуы есебінен 5,8%-ға ұлғайды.

2021 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ магистралды газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемі 21,8%-ға 22 149 млн текше метрге дейін төмендеді. Бұл көрсеткішке жаңа газ қуаттарының іске қосылуы және Ресейге газ тасымалдау бағыттарын әртараптандыру салдарынан Қазақстан аумағы арқылы «Газпром» ЖАҚ ресей газының транзит ағындарының қысқаруы кері ықпал етті. Сонымен қатар, Ресейге жөнелтілетін Қарашығанақ газының экспорт көлемі азайды.

Газ тасымалдау, млн м ³	2021 ж 1-тоқс (100%)	2021 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	%
Интергаз Орталық Азия	14 038	14 038	20 531	-31,6%
Азия газ Құбыры	10 865	5 433	5 178	4,9%
Бейнеу-Шымкент газ құбыры	3 819	1 910	1 813	5,3%
ҚазТрансГаз Аймақ	769	769	798	-3,7%
Жиыны	-	22 149	28 320	-21,8%

Көмірсутек шикізатын өңдеу

2021 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 13,4%-ға азайып, 5 213 мың тоннаны құрады. Оның 64,8%-ы экспортқа жөнелтілді.

ҚМГ өзі өндірген мұнайды ішкі нарыққа жеткізу көлемі 1 836 мың тоннаны құрады, оның ішінде шикізатты әрі қарай өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріқтау Оперейтинг) шикі мұнайының 996 мың тоннасы Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) жеткізілді.

2021 жылғы бірінші тоқсанда тауар газын сату көлемі 2020 жылғы бірінші тоқсанымен салыстырғанда шамалы ғана 1,7%-ға қысқарып, 7 669 млн текше метрді құрады. Тауар газының экспорты 1 707 млн текше метрге жетті, оның 93%-ы Қытайға экспортқа жіберілді. 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда газ экспорты көлемінің 33,4%-ға төмендеуі байқалады. Бұл «ҚазТрансГаз» АҚ-да 2021 жылға арналған Ресейге газ жеткізуге келісімшартының болмауына және ішкі нарықта газ тұтыну мөлшерінің өсуі салдарынан Қытайға жөнелтілетін экспорттың азаюына байланысты болып отыр.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна	2021 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	%
АМӨЗ	1 178	1 384	-14,9%
ПМХЗ	1 397	1 321	5,8%
ПҚОП ¹	681	590	15,5%
Caspi Bitum	72	53	35,2%
Петромидия	1 265	1 240	2,0%
Вега	69	72	-4,4%
Жиыны	4 662	4 660	0,04%

¹ ПҚОП өңдеу көлемі 50% үлесіне көрсетілген

2021 жылғы бірінші тоқсанда көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі 2020 жылғы бірінші тоқсанымен салыстырғанда өзгеріссіз қалып, 4 662 мың тоннаны құрады:

- Отандық мұнай өңдеу зауыттарында КСШ өңдеу көлемі 0,6%-ға азайып, 3 328 мың тоннаны құрады. Бұл ретте, АМӨЗ-де жылдың басында электр энергиясының бірнеше рет өшуі салдарынан өңдеу 14,9%-ға төмендеді. Ал еліміздің басқа мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу көлемдерінің артуы байқалды. Соның ішінде АМӨЗ-дегі кідірістерді өтеу үшін ПҚОП зауытында қосымша жүктеменің есебінен мұнай 15,5%-ға артық өңделді;
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 1 334 мың тоннаны құрап, шамалы ғана өсімді көрсетті. 2020 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткіштерден небәрі 1,6%-ға жоғары болды.

2021 жылғы бірінші тоқсанда отандық және румын зауыттарында мұнай өнімдерін шығару көлемі 1,5%-ға артып, 4 294 мың тоннаны құрады:

- Отандық мұнай өңдеу зауыттары 2 998 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 1,5%-ға артық. Мұнай өнімдеріне деген сұраныс пандемия алдындағы деңгейге дейінгі тұрақты түрде қалпына келе жатқандығы байқалады;
- KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары 1 296 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды, бұл 2020 жылдың көрсеткіштерінен 1,5%-ға жоғары.

Егжей-тегжейлі ақпаратты мына сілтеме бойынша оқи аласыз: <http://ir.kmg.kz/>

Байланыс деректері:

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 63 43

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау, өңдеуден бастап, тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызмет көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылып, Қазақстанның мұнайгаз саласындағы мемлекеттің мүддесін қорғайды.

ҚМГ-ның негізгі активтері:

Барлау және өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) - 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) - 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) - 100%, ҚазМұнайТеңіз - 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) - 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) - 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) - 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) - 50%, ПетроҚазақстан (ПҚИ) - 33%, Теңізшевройл (ТШО) - 20%, Қарашығанақ (ҚПО) - 10%, Қашаған – 8,44%.

Мұнай мен газ тасымалдау, газ маркетингі: ҚазТрансОйл - 90%, Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚҚ) - 50%, МұнайТас - 51%, Batumi Oil Terminal - 100%, Каспий Құбыр Консорциумы - 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты - 100%, ҚазТрансГаз - 100%, Интергаз Орталық Азия - 100% , Азия Газ Құбыры - 50%, ҚазТрансГаз Аймақ - 100%, Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры - 50%, ҚазРосГаз - 50%.

Өңдеу: ПМХЗ - 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International - 100%, Петромидия – 54,63%, Вера – 54,63%.